

БЕКІТЕМІН
№11 ЖББМ КММ
директоры
А.М. Омарханова



**Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің
«№11 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің Мектептің қамқоршылық
кеңесінің функциялары**

Мектептің қамқоршылық кеңесі

1. мектепті дамытудың басым бағыттарын келіседі;
2. білім беру саласындағы аумақтық органға қамқоршылық кеңес анықтаған мектеп жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;
3. мектеп бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;
4. білім беру ұйымының жарғысына және ішкі тәртіп қағидаларына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді келіседі;
5. білім беру ұйымы таңдаған оқу жылының басталуы мен аяқталуының баламалы мерзімдерін келіседі;
6. эксперименттік білім беру бағдарламаларын келіседі;
7. тиісті деңгейдегі уәкілетті органның аттестаттау комиссиясына оның жұмыс қорытындысы бойынша мектеп директорына біліктілік санатын беруге (растауға) кезекті аттестаттаудан өтуге ұсыным хат ұсынады;
8. мектепке қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлу жөнінде келіседі және хаттамалық шешім шығарады, оның нысаналы жұмсалуды туралы, демеушілік, қайырымдылық және өзге де көмекті пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін таңдау жөнінде шешім қабылдайды;
9. жыл ішінде «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығына және «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығына жіберілетін білім алушылардың кандидатураларының тізімін келіседі;
10. білім алушылардың, ата-аналардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады, олардың құқықтарын қорғауға, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктің физикалық, психикалық және өзге де түрлерінен қорғауға жәрдемдеседі;
11. санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталуын, тамақтану сапасын, ауыз су режимін, іргелес аумақтың жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;
12. жылына кемінде екі рет мектеп директорының білім беру ұйымының қызметі туралы есептерін тыңдайды;
13. қиын өмірлік жағдайға тап болған білім алушыларға қолдау көрсету және материалдық-техникалық базаны нығайту үшін мектептің шотына түсетін демеушілік қаражаттың жұмсалуды бақылауды жүзеге асырады;
14. халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын отбасылардан шыққан білім алушыларға көмек көрсетуді ұйымдастыруға жәрдемдеседі, жетім балалар мен ата-

- анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, дарынды балаларды, ерекше білім беруді қажетсінетін балаларды қолдау шараларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
15. білім беру ұйымының әкімшілігіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар өткізуге жәрдемдеседі;
 16. оқу жылы ішінде бір рет білім алушылар мен ата аналарға анонимді сауалнама жүргізу арқылы білім алушылардың мектептегі оқу жағдайларына қанағаттану дәрежесіне мониторинг жүргізеді;
 17. білім беру ұйымының қызығушылықтары бойынша үйірмелерде және спорт секцияларында ЕБҚ бар балалардың қамтылуына жылына бір рет мониторинг жүргізеді;
 18. тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу процесіне мониторинг жүргізеді;
 19. педагогикалық ұжымға білім алушылардың отбасыларымен жұмысты жүзеге асыруға жәрдемдеседі және қажет болған жағдайда мектеп әкімшілігімен бірлесіп жалпы ата аналар жиналыстарын өткізеді;
 20. мектеп әкімшілігіне оқушылар арасында құқық бұзушылықтардың, нашарлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің, қаңғыбастықтың, қайыр сұраудың, қысым көрсетудің, лудоманияның алдын алуға жәрдемдеседі;
 21. білім алушылар арасында тәртіпті нығайтуға және педагогтар, білім алушылар, ата-аналар арасында туындаған жанжалдарды шешуге жәрдемдеседі;
 22. білім беру ұйымы қызметінің мәселелері бойынша мәдени, сауықтыру іс-шараларын, конференцияларды, кеңестерді, семинарларды өткізуге жәрдемдеседі;
 23. қамқоршылық кеңестің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қоғамдық талқылауға қатысады.

Бақылау барысында анықталған бұзушылықтар кезектен тыс отырысқа шығарылады.